

Теректі ауданы Ақжайық ауылдық округінің Ақжайық ауылындағы көше атауын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Ақжайық ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 9 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 наурызда № 5566 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Ақжайық ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Ақжайық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі ауданы Ақжайық ауылдық округі Ақжайық ауылындағы "Калинин" көшесі – "Мұқағали Мақатаев" көшесі деп қайта аталсын.

2. Ақжайық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Т.С.Туркеев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.